




01 Қаптаманың ішіндегісі



Бауы бар ақылды сағат x 1 дана




Зарядтау құрылғысы x 1 дана



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық x 1 дана

02 Сағат туралы

Ескертпе. Егер сағат қуат батырмасын басқан және басып тұрған кезде сөндірілсе және қосылмаса, демек, батарея таусылып жатыр. Сағатты зарядтаңыз және әрекетті қайталаңыз.



03 Сағатты түйіндістіру

Сағат Amazfit қолданбасымен жұмыс істейді. Amazfit қолданбасы ақылды сағатты, сондай-ақ оның функцияларын басқару үшін қолданылады.

1. Сағатты қосу үшін қуат батырмасын басыңыз және басып тұрыңыз.
2. Amazfit қолданбасын ұялы телефонға жүктеу үшін ұялы телефонның көмегімен пайдалану нұсқаулығында келтірілген QR-кодты сканирлеңіз. Сіз Google Play немесе Apple AppStore қолданбалар дүкенінде Amazfit қолданбасының ең жаңа нұсқасын жүктеуі аласыз.



Ескертпе.


1. Оңтайлы жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін Amazfit қолданбасының ең жаңа нұсқасын қолданыңыз.
2. Операциялық жүйе Android 5.0, iOS 10.0 немесе одан да жаңа нұсқадан төмен болмауы тиіс.

04 Сағатты түйіндістіру

1. Ұялы телефоныңызда Amazfit қолданбасын ашыңыз және есептік жазба жасаңыз. Егер есептік жазбаңыз болса, қолданбаға кіріңіз.
2. Құрылғылар тізімінен қолданбамен түйіндістіру керек сағатты таңдаңыз. Қолданбадағы нұсқауларды орындап, түйіндістіруді аяқтаңыз.
3. Түйіндістіру орнатылғаннан кейін, сағат дұрыс уақытты көрсетеді. Қажет болса, сағаттың басқа функцияларын теңшей аласыз.


Ескертпе.

Ұялы телефоныңыздың Bluetooth сымсыз байланыс функциясын қолданып, тікелей сағатты түйіндістіруді орнатпаңыз. Сағатты дұрыс түйіндістіру үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.



05 Сағатты зарядтау

Сағатты зарядтау үшін тек қана түпнұсқалы зарядтау құрылғысын қолданыңыз. Сағаттың артқы жағындағы зарядтау тілімшелерін зарядтау құрылғысының тілімшелерімен үйлестіру керек. Сағатты зарядтау басталғаннан кейін, экранда зарядтау күйінің индикаторы пайда болады.




Ескертпе.

Сағатты зарядтау үшін тек қана жеткізу жиынтығына кіретін түпнұсқалы зарядтау құрылғысын қолданыңыз. Өрқашан зарядтау құрылғысын құрғақ күйінде сақтаңыз.

06 Сағат бауын алып тастау және бекіту

1. Бауы білегіңіздің өлшеміне сәйкес реттелуі мүмкін.
2. Сағат бауын алып тастау немесе бекіту үшін иллюстрацияларды қараңыз.



Ескертпе.

1. Бауын бекіткеннен кейін оның сәтті бекітілгеніне көз жеткізіп, жақсылап тартыңыз.
2. Былғары бауы су өткізбейтін немесе суға төзімді болып табылмайды, сондықтан оған сұйықтықты тигізбеңіз. Егер оларды орындаған кезде сағат судың әсеріне ұшырайтын жүзу немесе кез келген басқа әрекеттер кезінде сағатты тағуды жоспарласаңыз, былғары бауды силиконды бауға ауыстырыңыз.

07 Сертификаттар

Нормативтер мен Amazfit GTS байланысты өнімнің/сәйкестік логотиптерін сертификаттау туралы қосымша ақпарат алу үшін Amazfit GTS құрылғыңыздағы Нормативтік құжаттарға өтіңіз.

08 Негізгі параметрлер

Бұйымның үлгісі: A1914

Сымсыз қосылу: BT 5.0, BLE

Кіріс қуаты: 5 В 500 мА Макс.

Жиілік: 2402-2480 МГц

Жұмыс температурасы: 0°C бастап 45°C дейін

Суға төзімділіктің атаулы шегі: 5 атм

Құрылғыларға қойылатын талаптар: Android 5.0 немесе iOS 10.0 ОЖ немесе барынша жаңа нұсқадағы құрылғылар.

09 Қауіпсіздік туралы ескерту

1. Бұл құрылғы суға төзімді, атаулы шегі сертификатпен расталған 5 атм. Демек, құрылғы жаңбыр кезінде және душқа түскен кезде судың әсеріне төзімді. Оны бассейнде жүзу сияқты таяз суда әрекеттерді жүргізген кезде де қолдануға болады.
2. Алайда бұл сағатты су астында жүзу, шомылу, саунада болу немесе судың жоғары жылдамдығымен немесе таяз судың тереңдігінен асып кететін тереңдікке батудан қорғаныс басқа қызмет түрлері кезінде қолданбаған жөн.
3. Сағаттың жұмыс функцияларын су астында қолданбаңыз. Батудан кейін пайдаланудың немесе зарядтаудың алдында оны құрғақ матамен кептіріңіз.
4. Сағаттар химиялық реагенттердің, қышқылдық немесе сілтілі ерітінділердің және т.б. әсерінен қорғаныспен жабдықталмаған. Кепілдік сұйықтықтың әсері салдарынан зақымданумен туындаған кемшіліктерге таралмайды.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Аньхуэй Хуами Информэйшн Тэкнолоджи Ко., Лтд. 1201 каб., А4 ғим, Нэйшэнл Энмэйшн Индастри Бэйс, № 800, Ванцзян батыс тас жол, Жоғары технологиялар аймағы, Хэфэй қ. Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, эд. 12, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

V.2

10 Кепілдік және қайтару саясаты

Amazfit шектеулі кепілдігі бастапқы сатып алу күнінен бастап өндірістік кемшіліктерге қатысты Amazfit өніміне таралады. Кепілдікті мерзімі 12 ай немесе сатып алушы елінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа уақыт кезеңі. Біздің кепілдік тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша қолданыстағы заңнамамен көзделген құқықтарды толықтырады.

Ресми веб-сайт: en.amazfit.com

Қолдау қызметі: support.amazfit.com

Эл. пошта мекенжайымызға жазыңыз: support@amazfit.com